

"Тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оку орындарына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 35 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2018 жылғы 16 мамырдағы № 323 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 маусымда № 16975 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оку орындарына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 35 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13268 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 12 сәуірде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оку орындарына оқуға қабылдау қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар және әскери білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты алғашқы ресми жариялағанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінде орынбасары генерал-лейтенант Т.С. Мұхтаровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі генерал-полковник

С. Жасұзақов

Қазақстан Республикасы

Қорғаныс министрлігінде

2018 жылғы 16 мамырдығы

№ 323 бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасы

Қорғаныс министрлігінде

2016 жылғы 22 қантардағы

№ 35 бұйрығына

1-қосымша

Тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарына оқуға қабылдау қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарына оқуға қабылдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі, "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" 2005 жылғы 7 қантардағы, "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандығы (бұдан әрі – Заң) Зандарына сәйкес әзірленді және тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне (бұдан әрі – ҚР ҚМ) ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарына оқуға қабылдау тәртібін айқындайды.

2. Қабылдау әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін ҚР ҚМ құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – құрылымдық бөлімше) әзірлейтін қабылдау жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Қабылдау жылының 1 маусымына дейін әскери оқу орындарының бастықтары, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері (бұдан әрі – ҚР ҚК) түрлерінің бас қолбасшылары, ҚР ҚМ Спорт комитетінің төрағасы – Армия орталық спорт клубының

бастығы құрылымдық бөлімшеге қабылдау комиссиясының құрамын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрі бүйректерінің жобасына қосу үшін кандидаттарды ұсынады.

4. Қабылдау комиссиясының төрағасы әскери оқу орнының бастығы болып табылады.

5. Қабылдау комиссиясының құрамы мүшелердің тақ санынан тұрады. Шешімдер қабылдау комиссиясы мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілік дауыс беруімен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда қабылдау комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

6. Қабылдау комиссиясының отырыстары қабылдау комиссиясының төрағасы бекітетін жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі және хаттамалармен ресімделеді.

7. Қабылдау кезеңдерінен өту нәтижелерімен келіспеген жағдайда оқуға түсуші қабылдау комиссиясы төрағасының атына жазбаша түрде өтініш білдіруге құқылы.

Хаттамамен ресімделген өтініштің мәнісі бойынша қабылдау комиссиясының шешімі өтініш келіп түсken күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде шығарылады.

8. Қабылдау жылышының 1 мамырына дейін қабылдаудың қорытынды кезеңінен өту үшін құрылымдық бөлімшемен келісу бойынша әскери оқу орындарының басшылары бекітетін рейтинглік балды есептеу кестесі жасалады, ол әскери оқу орнының интернет ресурсында орналастырылады және жергілікті әскери басқару органдарына жеткізіледі.

2-тaraу. Жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орындарына оқуға қабылдау

9. "Жас ұлан" республикалық мектептеріне (бұдан әрі – Мектеп) оқуға түсетін жылды он бес жастан жас емес, оқуға түсетін жылды орта білім беретін ұйымның 9 (10) сыйныбын аяқтаған және негізгі орта білімі туралы куәлік алған Қазақстан Республикасының жасөспірім азаматтары қабылданады.

Құрылымдық бөлімшесінде жоспарланған оқушыларды Мектептерге қабылдау туралы ақпаратты қабылдау жылышының 1 наурызына дейін жергілікті атқарушы органға (білім беру басқармасына) жеткізеді.

10. Денсаулық жағдайы бойынша оқуға жарамды оқуға түсушілер қабылдау жылышын қоса алғанда 1 – 5 тамыз кезеңінде Мектепке ата-аналарымен (занды өкілдерімен) келеді және осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген құжаттарды қоса тіркеумен мектепке қабылдау туралы өтініш береді.

Қабылдау комиссиясына толық құжаттар тізбесін ұсынбаған оқуға түсушілер қабылдауға жіберілмейді.

11. Мектепке қабылдау қабылдау жылышын қоса алғанда 6 – 20 тамыз кезеңінде конкурсстық негізде мынадай 5 (бес) кезеңде жүзеге асырылады:

I кезең – кәсіби-психологиялық іріктеу;

II кезең – негізгі орта білім берубағдарламасы бойынша математика және оқыған тілі бойынша тестілеу;

III кезең – "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидасын және әскери-дәрігерлік сараптама органдары туралы ережені бекіту туралы" (бұдан әрі – Әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидасы) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 373 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11846 болып тіркелген) сәйкес түпкілікті медициналық куәландыру;

IV кезең – "Жалпы білім беру үйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау қурстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" (бұдан әрі – Үлгілік бағдарламалар) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) айқындалған нормативтер бойынша дene дайындығын тексеру;

V кезең – конкурстық іріктеу және оқуға қабылдау.

12. Оқуға түсушілерге қабылдаудың әрбір кезеңнен тек бір рет өтуге жол беріледі. Алдыңғы кезеңнен өтпеген оқуға түсуші келесі кезеңге жіберілмейді.

13. Оқуға түсушілерді кәсіби-психологиялық іріктеу ынталылық, күйзеліске төзімділік, сынни тұрғыдан және логикалық ойлау деңгейін тексеруді қамтиды және оны қабылдау комиссиясы құрылымдық бөлімшемен келісу бойынша Мектептің тәрбие және идеологиялық жұмыстар бөлімімен бірлесіп жүргізеді. Кәсіби-психологиялық тестілеу нәтижелері бойынша ұсынылмаған оқуға түсушілер кезеңнен өтпеген болып саналады.

14. Математика және оқыған тілі бойынша тестілеу оқуға түсушілердің білім деңгейін анықтау үшін жүргізіледі.

Математика және оқыған тілі бойынша тестілеу сұрақтары Үлгілік бағдарламалармен көзделген негізгі орта білім беруге арналған бағдарламаны ескере отырып құрылады және әрқайсысына 20 сұрақтан құрады. Тестілеу сұрақтарында 1 сұрақ 1 балға теңестіріледі.

Келесі кезеңге өту балы әр пән бойынша кемінде 5 бал болып табылады.

15. Оқуға түсушілерді түпкілікті медициналық куәландыру деңсаулық жағдайы бойынша Мектепте оқуға жарамдылығын анықтауды қамтиды.

16. Оқуға түсушілердің дene шынықтыру дайындығын тексеру Үлгілік бағдарламаларға сәйкес негізгі орта білім беруге көзделген дene шынықтыру дайындығы бойынша нормативтерді қабылдауды қамиды. Барлық жаттығулар үшін бағалар сомасы бойынша 9 балдан төмен жинаған оқуға түсушілер кезеңнен өтпеген болып саналады, бұл ретте балдарды санау кезінде "қанағаттанарлықсыз" деген баға саналмайды.

17. Конкурстық іріктеу ең жоғарыдан ең төменгі рейтинглік балға дейін оқуга түсушілердің рейтингісін жасауды қамтиды және оны қабылдау комиссиясы қабылдау жылының 20 тамызында жүргізеді.

Мектепке рейтингте бірінші нөмірден бастап қабылдау жоспары бойынша бөлінген орындар санына сәйкес келетін нөмірге дейін тұрган оқуға түсушілер қабылданады. Қабылдау жоспарын жалпы саннан 10 %-ға дейін асыруға жол беріледі.

18. Әскери қызметшілердің балалары Заңның 52-бабы 3-тармағымен көзделген талаптар бар болған кезде Мектепке конкурстан тыс қабылдау құқығын пайдаланады.

19. Қабылдау комиссиясының шешімі қабылдау жылының 21 тамызында сағат 10.00-ге дейін жарияланады және Мектептің интернет ресурсында орналастырылады, апелляцияға өтініштер 21 тамызда сағат 18.00-ге дейін қабылданады.

20. Қабылдау комиссиясының оқуға қабылдау туралы шешімін қабылдау жылының 22 тамызында Мектептің бастығы бекітеді.

21. Мектептерге оқуға түскендер оқу үшін қабылдау жылының 29 тамызына дейін келеді.

3-тарау. Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламасын іске асыратын әскери оқу орнына оқуға қабылдау

22. КР ҚМ Ш. Уәлиханов атындағы Кадет корпусына (бұдан әрі – Кадет корпусы) Заңның 39-бабы 1-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларына сәйкес азаматтар (әскери қызметшілер) оқуға түсуге құқылы.

23. Оқуға түсушілер Кадет корпусының қабылдау комиссиясына құжаттар тізбесін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес ұсынады.

Қабылдау комиссиясына құжаттардың толық тізбесін ұсынбаған оқуға түсушілер қабылдауға жіберілмейді.

24. Азаматтар қатарынан оқуға түсушілер қабылдау жылының 1 мамырына дейін түрғылықты жері бойынша жергілікті әскери басқару органына өтініш береді.

Жергілікті әскери басқару органының басшысы "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" 1995 жылғы 12 жалтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заны (бұдан әрі – КР ҰҚО туралы Зан) 12-бабының 7) тармақшасына сәйкес арнайы тексеру және Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидасына сәйкес алдын ала медициналық куәландырудан өту жөніндегі жұмысты үйимдастырады.

Арнайы тексеруден өткен, денсаулық жағдайы бойынша оқуға жарамды, үлгерімнің кемінде 3.5 немесе кемінде 2 GPA орташа балы бар білімі туралы құжаты бар оқуға түсушілер қабылдау жылының 30 шілдесіне дейінді қоса алғанда Кадет корпусына келеді.

25. Эскери қызметшілер қатарынан оқуға түсуші Кадет корпусына оқуға түсу үшін қабылдау жылының 1 маусымына дейін әскери бөлім командирінің атына тиісті баянатпен өтініш береді.

Әскери қызметші Кадет корпусына оқуға түсуге ниет білдірген әскери бөлімнің командирі ҚР ҰҚО туралы Заңға сәйкес арнайы тексеру және Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидасына сәйкес алдын ала медициналық куәландырудан өту жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

Арнайы тексеруден өткен, денсаулық жағдайы бойынша оқуға жарамды, үлгерімнің кемінде 3.5 немесе кемінде 2 GPA орташа балы бар білімі туралы құжаты бар әскери қызметші қабылдау жылының 30 шілдесіне дейін Кадет корпусына келеді.

26. Мектеп және "Арыстан" мамандандырылған лицейі бітірушілерінің қатарынан оқуға түсуші Кадет корпусына оқуға түсу үшін қабылдау жылын қоса алғанда 1 сәуірге дейін оқуға түсуші оқып жатқан білім беру үйимы басшысының атына өтініш береді.

Мектеп және "Арыстан" мамандандырылған лицейінің басшысы арнайы тексеру және Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидасына сәйкес алдын ала медициналық куәландырудан өту жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

Арнайы тексеруден өткен, денсаулық жағдайы бойынша оқуға жарамды Мектептердің және "Арыстан" мамандандырылған лицейінің бітірушілері Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бүйрекімен құрылған комиссияга кәсіби-психологиялық тестілеуді және дene шынықтыру дайындығы бойынша нормативтерді тапсыру үшін жіберіледі.

Кәсіби-психологиялық тестілеуден өткен және дene шынықтыру дайындығы бойынша нормативтерді тапсырған және үлгерімнің кемінде 3.5 немесе кемінде 2 GPA орташа балы бар Мектептердің және "Арыстан" мамандандырылған лицейінің бітірушілері қабылдау жылының 5 тамызына дейін Кадет корпусына медициналық куәландырудан өту және оқуға қабылдану үшін келеді.

27. Қабылдау кезеңінде оқуға түсушілер Кадет корпусының аумағына орналастырылады және "Бейбіт уақытқа арналған Қазақстан Республикасының Қарулы Қүштерін азық-түлікпен, азықпен, жабдықпен, асханалық-асүйлік ыдыспен және азық-түлік қызметінің техникасымен жабдықтау нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 353 бүйрекімен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11844 болып тіркелген) бекітілген нормалар (бұдан әрі – жабдықтау нормалары) бойынша тамақтандырумен қамтамасыз етіледі.

28. Кадет корпусына азаматтар және әскери қызметшілер қатарынан қабылдау 1 – 20 тамызда мынадай кезеңдер бойынша жүзеге асырылады:

I кезең – кәсіби-психологиялық іріктеу;

II кезең – Әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидасына сәйкес түпкілікті медициналық куәландыру;

III кезең – дене шынықтыру дайындығын тексеру;

IV кезең – конкурстық іріктеу және оқуға қабылдау.

29. Оқуға түсушілерге әрбір қабылдау кезеңінек тек бір рет өтуге жол беріледі. Алдыңғы кезеңнен өтпеген оқуға түсуші келесі кезеңге жіберілмейді.

30. Оқуға түсушілерді алдын ала кәсіби-психологиялық іріктеу ынталылық, құйзеліске төзімділік, сынни тұрғыдан және логикалық ойлау деңгейін тексеруді қамтиды және оны қабылдау комиссиясы құрылымдық бөлімшемен келісу бойынша Кадет корпусының тәрбие және идеологиялық жұмыстар бөлімімен бірлесіп жүргізеді. Кәсіби-психологиялық тестілеу нәтижелері бойынша ұсынылмаған оқуға түсушілер кезеңнен өтпеген болып саналады.

31. 30. Оқуға түсушілерді медициналық қуәландыру денсаулық жағдайы бойынша Кадет корпусында оқуға жарамдылығын айқындауды қамтиды және оны Әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидасына сәйкес құрылған медициналық комиссия жүргізеді.

32. Оқуға түсушілердің дене шынықтыру дайындығын тексеру мынадай дене шынықтыру дайындығы бойынша нормативтерді қабылдауды қамтиды:

әскери қызметшілер (оның ішінде запастағы) үшін – "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі дене дайындығы жөніндегі нормативтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2014 жылғы 5 мамырдағы № 195 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9518 болып тіркелген) сәйкес;

азаматтар үшін – Ұлгілік бағдарламаларға сәйкес және қабылдау комиссиясы Кадет корпусының дене шынықтыру дайындығы және спорт жөніндегі оқытушыларымен, нұсқаушыларымен бірлесіп жүргізеді. Барлық жаттығулар үшін бағалар сомасы бойынша 9 балдан төмен жинаған оқуға түсушілер кезеңнен өтпеген болып саналады, бұл ретте балдарды санау кезінде "қанағаттанарлықсыз" деген баға саналмайды.

33. Конкурстық іріктеуді қабылдау комиссиясы қабылдау жылының 20 тамызында жүргізеді және ең жоғарыдан ең төменгі рейтинглік балға дейін оқуға түсушілердің рейтингісін жасауды қамтиды. Рейтинг осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Кадет корпусы қабылдау комиссиясының хаттамасымен (бұдан әрі – Хаттама) ресімделеді.

Кадет корпусына рейтингте бірінші нөмірден бастап қабылдау жоспары бойынша бөлінген орындар санына сәйкес келетін нөмірге дейін тұрған оқуға түсушілер қабылданады. Қабылдау жоспарын жалпы саннан 10 %-ға дейін асыруға жол беріледі.

Қабылдау комиссиясының шешімі қабылдау жылының 21 тамызында сағат 10.00-ге дейін жарияланады және Кадет корпусының интернет ресурсында орналастырылады. Апелляцияға өтініштер 21 тамызда сағат 18.00-ге дейін қабылданады.

34. Кадет корпусына қабылдауға конкурстық іріктеуді жүргізу кезінде бірдей көрсеткіштер болған жағдайда Заңның 39-бабы 1-тармағында көрсетілген адамдардың басым құқығы бар.

35. Кадет корпусына окуға қабылданған окуға түсуші "Әскери қызмет өткеру туралы келісімшарттың және ұсынымның үлгі нысандарын, сондай-ақ аттестаттау парағының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2018 жылғы 29 қантардағы № 36 қбпү бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16594 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша Кадет корпусының бастығымен әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт (бұдан әрі – әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт) жасайды.

36. Кадет корпусының кадрлар бөлімі Кадет корпусына қабылдағаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде жергілікті әскери басқару органдарына және әскери бөлімдерге окуға қабылдау туралы бұйрықтан үзінділерді жолдайды.

4-тaraу. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орындарына қабылдау

37. Білім беру бағдарламаларын іске асыратын ҚР ҚМ-ге ведомствоның бағынысты әскери оқу орындарына окуға азаматтар Заңның 39-бабы 1-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларына сәйкес окуға түседі.

38. Оқуға түсушілер қабылдау комиссиясына осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес әскери институттарға окуға түсін құжаттар пакетін ұсынады.

Құжаттардың толық пакетін ұсынбаған оқуға түсушілер қабылдауға жіберілмейді.

39. Азаматтар әскери институтқа оқуға түсін қабылдау жылының 30 сәуіріне дейінді қоса алғандағы мерзімде тұрғылықты жері бойынша жергілікті әскери басқару органы басшысының атына өтініш береді.

Жергілікті әскери басқару органының басшысы ҚР ҰҚО туралы Заңға сәйкес арнайы тексеру және Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидасына сәйкес алдын ала медициналық куәландырудан өту жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

Арнайы тексеруден өткен, деңсаулық жағдайы бойынша окуға жарамды, ҰБТ-ның 5 пәні бойынша немесе талапкерлердің кешенді тестілеуінен (бұдан әрі – ТКТ) кемінде 50 балл жинаған (оның ішінде математикадан сауаттылық немесе математика бойынша кемінде 7 балл және қалған пәндер бойынша кемінде 4 балл) азаматтар қабылдау жылын қоса алғанда 20 – 26 шілде кезеңінде құжаттарды тапсыру үшін әскери институтқа келеді.

40. Оқуға түсушілер қабылдау кезеңінде әскери институттың аумағында орналастырылады және жабдықтау нормалары бойынша тамақтандырумен қамтамасыз етіледі.

41. Эскери қызметшілер қатарынан оқуға түсуші әскери институтқа оқуға түсү үшін қабылдау жылының 1 маусымына дейін әскери бөлім командирінің атына тиісті баянатпен өтініш береді.

Әскери қызметші әскери институтқа оқуға түсуге ниет білдірген әскери бөлімнің командирі ҚР ҰҚО туралы Заңға сәйкес арнайы тексеру және Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидасына сәйкес алдын ала медициналық куәландырудан өту жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және әскери қызметшіні ТКТ тапсыру үшін қызмет орны бойынша ҰБТ қабылдау пункттеріне жібереді.

Арнайы тексеруден өткен, оқуға жарамды деп танылған және ТКТ-ның 5 пәні бойынша кемінде 50 балл жинаған (оның ішінде математикадан сауаттылық немесе математика бойынша кемінде 7 балл және қалған пәндер бойынша кемінде 4 балл) әскери қызметшілерге әскери институтқа келу күнін қабылдау жылының 26 шілдесінен кешіктірілмей деп көрсете отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 мамырдағы № 124 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткери ережелерінің 135-тармағына сәйкес оқу демалыстары беріледі.

Оқуға түсү үшін келген әскери қызметшілер әскери институтта орналастырылады және жабдықтау нормалары бойынша тамақтандырумен қамтамасыз етіледі.

42. Әскери институттарға оқуға түсуге ниет білдірген Мектептің және "Арыстан" мамандандырылған лицейінің бітірушілері қабылдау жылының 1 сәуіріне дейін өздері оқитын білім беру ұйымы басшысының атына тиісті өтініш береді.

Мектептің және "Арыстан" мамандандырылған лицейінің басшысы:

- 1) арнайы тексеру;
- 2) Әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидасына сәйкес алдын ала медициналық куәландырудан өту;
- 3) кәсіби-психологиялық тестілеуді тапсыру;
- 4) дене шынықтыру дайындығы бойынша нормативтерді тапсыру;
- 5) ҰБТ тапсыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен Мектептердің және "Арыстан" мамандандырылған лицейінің жанында құрылған комиссияға кәсіби-психологиялық тестілеуді және дене шынықтыру дайындығы бойынша нормативтерді тапсыру жүзеге асырылады.

Арнайы тексеруден өткен, денсаулық жағдайы бойынша оқуға жарамды, кәсіби-психологиялық тестілеуді және дене шынықтыру дайындығы бойынша нормативтерді тапсырған, ҰБТ нәтижелері бойынша кемінде 50 балл жинаған (оның ішінде математикадан сауаттылық немесе математика бойынша кемінде 7 балл және қалған пәндер бойынша кемінде 4 балл) Мектептердің және "Арыстан" мамандандырылған лицейінің бітірушілері қабылдау жылының 30 шілдесінде түпкілікті медициналық куәландырудан өту үшін әскери институттарға келеді.

43. Азаматтар мен әскери қызметшілерді әскери институтқа қабылдау мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

I кезең – қәсіби-психологиялық іріктеу;

II кезең – Әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидасына сәйкес түпкілікті медициналық қуәландыру;

III кезең – дene шынықтыру дайындығын тексеру;

IV кезең – конкурстық іріктеу және оқуға қабылдау.

44. Оқуға түсушілерге қабылдаудың әрбір кезеңін тек бір рет өтуге жол беріледі. Алдыңғы кезеңнен өтпеген оқуға түсуші келесі кезеңге жіберілмейді.

45. Оқуға түсушілерді алдын ала қәсіби-психологиялық іріктеу уәждемелілік, құйзеліске төзімділік, сыншылдық және логикалық ойлау деңгейін тексеруді қамтиды және оны қабылдау комиссиясы құрылымдық бөлімшемен келісу бойынша әскери институттың тәрбие және идеологиялық жұмыстар бөлімімен бірлесіп жүргізеді. Алдын ала қәсіби-психологиялық тестілеу нәтижелері бойынша ұсынылмаған оқуға түсушілер кезеңнен өтпеген болып саналады.

46. Оқуға түсушілерді түпкілікті медициналық қуәландыру денсаулық жағдайы бойынша әскери институтта оқуға жарамдылығын анықтауды қамтиды және оны Әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидасына сәйкес құрылған медициналық комиссия жүргізеді.

47. Оқуға түсушілердің дene шынықтыру дайындығын тексеру мынадай дene шынықтыру дайындығы бойынша нормативтерді қабылдауды қамтиды:

әскери қызметшілер (оның ішінде запаста тұрған) үшін – № 195 бұйрыққа сәйкес;

Үлгілік бағдарламаларға сәйкес және оны қабылдау комиссиясы әскери институттың дene шынықтыру дайындығы және спорт жөніндегі оқытушыларымен, нұсқаушыларымен бірлесіп жүргізеді. Барлық жаттығулар үшін бағалар сомасы бойынша 9 балдан төмен жинаған оқуға түсушілер кезеңнен өтпеген болып саналады, бұл ретте балдарды есептеу кезінде "қанағаттанарлықсыз" деген баға ескерілмейді.

48. Конкурстық іріктеуді қабылдау комиссиясы қабылдау жылышында жүргізеді және ең жоғарыдан ең төменгі рейтинглік балға дейін оқуға түсушілердің рейтингісін жасауды қамтиды. Рейтинг әскери институт қабылдау комиссиясының хаттамасымен ресімделеді.

49. Әскери институттарға рейтингіде бірінші нөмірден бастап қабылдау жоспары бойынша бөлінген орындар санына сәйкес келетін нөмірге дейін тұрған оқуға түсушілер қабылданады. Қабылдау жоспарын жалпы саннан 10 %-ға дейін асыруға жол беріледі.

50. Әскери институттарға қабылдауға конкурс өткізу кезінде бірдей көрсеткіштер болған Заңның 39-бабы 1-тармағында көрсетілген адамдардың басым құқығы бар.

Қабылдау комиссиясының шешімі қабылдау жылдының 11 тамызында сағат 10.00-ге дейін жарияланады және әскери институттың интернет ресурсында орналастырылады, апелляцияға өтініштер 11 тамызда сағат 18.00-ге дейін қабылданады.

51. Қабылдау комиссиясының оқуға қабылдау туралы шешімі қабылдау жылдының 12 тамызында әскери институт бастығының бүйрекімен бекітіледі.

52. Әскери институтқа қабылданған азамат (әскери қызметші) әскери институттың бастығымен әскери қызмет өткери туралы келісімшарт жасайды.

53. Әскери институттың кадрлар бөлімі әскери институтқа қабылдағаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде жергілікті әскери басқару органдары мен әскери бөлімдерге оқуға қабылдау туралы бүйректан үзіндіділерді жолдайды.

5-тaraу. Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орындарына қабылдау

54. Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті – Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университетіне (бұдан әрі – ҰҚУ) адамдар Заңың 39-1-бабына сәйкес оқуға түседі.

ҰҚУ магистратурасында және докторантурасында оқыту күндізгі оқу нысаны бойынша, оның ішінде қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып, мынадай басқару деңгейлері бойынша жүзеге асырылады:

- 1) жедел-тактикалық басқару деңгейі;
- 2) жедел-стратегиялық басқару деңгейі;
- 3) стратегиялық басқару деңгейі.

Қашықтықтан білім беру технологиялары тек ғылыми және педагогикалық магистратурада және докторантурада іске асырылады.

55. ҚР ҚМ, ҚР ҚК Бас штабы құрылымдық бөлімшелерінің, бас басқармаларының, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының бастықтары, ҚР ҚК түрлерінің бас қолбасшылары, өнірлік қолбасшылықтар әскерлерінің (әскер тектерінің) қолбасшылары, әскери бөлімдердің (мекемелердің) командирлері жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орындарына оқуға түсуге ниет білдірген кандидаттарды әскери бөлім (мемлекеттік мекемелер) командирінің шешімімен әскери бөлімдерде (мемлекеттік мекемелерде) құрылған аттестаттау комиссияларының отырыстарында қарайды және оқуға іріктелген кандидаттардың тізімдерін ҚР ҚМ Кадрлар және әскери білім департаментіне қабылдау жылдының 15 мамырнан кешіктірмей жолдайды.

56. ҰҚУ-да оқу үшін оқуға түсушілерді алдын ала іріктеуді қабылдау жоспары негізінде ҚР ҚМ Кадрлар және әскери білім департаменті (ҰҚУ-ның арнайы даярлық факультетіне – 14776 әскери бөлімі) жүргізеді.

57. Жедел-тактикалық басқару деңгейі бойынша бейіндік магистратураға оқуға түсушілерге қойылатын талаптар:

- 1) жоғары білімінің болуы;
- 2) батальон командирінің орынбасары, оған тең және одан жоғары лауазымдарда кемінде 2 жыл қызмет өткеруі.

58. Стратегиялық және жедел-стратегиялық басқару деңгейлері бойынша бейіндік магистратураға оқуға түсушілерге қойылатын талаптар:

- 1) жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы;
- 2) бригада (база) командирі, құрама командирі, өнірлік қолбасшылық (эскер тегі) қолбасшысының орынбасары, ҚР ҚМ немесе ҚР ҚҚ Бас штабы департаменті бөлімінің бастығы, ҚР ҚҚ түрі басқармасының немесе бас басқармасының бастығы, оларға тең және одан жоғары лауазымдарда кемінде 2 жыл қызмет өткеруі.

59. Барлық басқару деңгейлері бойынша ғылыми және педагогикалық магистратураға алдын ала іріктеуді жоғары білімі, кемінде 2 ғылыми жариялымы немесе бір оқу, оқу-әдістемелік, әдістемелік оқу құралы бар оқуға түсушілер арасынан құрылымдық бөлімше жүзеге асырады.

60. Докторантурасына жоғары оқу орнынан кейінгі білімі, кемінде 3 ғылыми жариялымы немесе 2 оқу құралы бар оқуға түсушілер қабылданады.

61. ҰҚУ қабылдау жылышының 1 маусымына дейінгі мерзімде ҚР ҚМ, ҚР ҚҚ Бас штабының мүдделі құрылымдық бөлімшелері, бас басқармалары, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдары бастықтарының, әскер түрлері бас қолбасшыларының, ҚР ҚӘ өнірлік қолбасшылықтары әскерлері (әскер тектері) қолбасшыларының, әскери бөлімдер (мекемелер) командирлерінің (бастықтарының) мекенжайына оқуға түсу емтихандарына шыгарылатын сұрақтар тізбесін жолдайды.

62. Оқуға түсу емтихандарына дайындалу және оларды тапсыру үшін оқуға түсушілерге қабылдау жылышының 20 шілдесінен кешіктірілмей оқу демалысы беріледі. Оқуға түсушілер ҰҚУ-ға қабылдау жылышының 31 шілдесінен кешікпей келуге тиіс. Қабылдау жылышының 25 – 31 шілдесі кезеңінде ҰҚУ-да оқуға түсу емтихандары бойынша консультациялар ұйымдастырылады.

63. ҰҚУ қабылдау комиссиясы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес оқуға түсушілер құжаттарының түпнұсқаларын тексереді.

64. ҰҚУ-ға қабылдау мынадай кезеңдер бойынша жүзеге асырылады:

- I кезең – кәсіби-психологиялық тестілеу;
- II кезең – дene шынықтыру дайындығын тексеру (докторантурадан басқа);
- III кезең – оқуға түсу емтихандарын қабылдау;
- IV кезең – конкурсстық іріктеу және оқуға қабылдау.

65. Оқуға түсушілерге қабылдаудың әрбір кезеңін тек бір рет өтуге жол беріледі. Алдыңғы кезеңнен өтпеген оқуға түсуші келесі кезеңге жіберілмейді.

66. Оқуға тұсушілерді кәсіби-психологиялық тестілеу уәждемелілік, құйзеліске төзімділік, сыншылдық және логикалық ойлау деңгейін тексеруді қамтиды және оны қабылдау комиссиясы құрылымдық бөлімшемен келісу бойынша ҰҚУ-ның тәрбие және идеологиялық жұмыстар бөлімімен бірлесіп жүргізеді. Кәсіби-психологиялық тестілеу нәтижелері бойынша ұсынылмаған оқуға тұсушілер кезеңнен өтпеген болып саналады.

67. Оқуға тұсушілердің дene шынықтыру дайындығын тексеру № 195 бұйрыққа сәйкес дene шынықтыру дайындығы бойынша нормативтерді қабылдауды қамтиды және оны қабылдау комиссиясы ҚР ҚМ Спорт комитеті – Армия орталық спорт клубымен бірлесіп жүргізеді.

68. Алғашқы оқуға тұсу емтиханы тестілеу түрінде, екінші оқуға тұсу емтиханы ауызша-жазбаша түрде өткізіледі. Емтихан сұрақтары ҰҚУ бастығы бекіткен бағдарламаларға сәйкес жасалады. Оқуға тұсу емтихандарына шығарылатын пәндер тізбесі осы Қағидаларға 5-қосымшада келтірілген.

Емтихандардың біреуінен қанағаттанарлықсыз баға алған оқуға тұсуші кезеңнен өтпеген болып саналады.

69. Қабылдаудың үшінші кезеңнен өткен оқуға тұсушілер әртүрлі ведомстволар бойынша орындарды бөлуді ескере отырып, ең жоғары балдан ең тәменгі рейтинглік балға дейін жасалатын рейтингіге сәйкес мамандығы бойынша конкурсстық іріктеуге жіберіледі және оны қабылдау комиссиясы қабылдау жылышын 11 тамызында жүргізеді.

70. Емтихан комиссияларының құрамдары оқуға тұсу емтихандарына шығарылатын пәндердің оқытушыларын қамтиды.

71. Қабылдау комиссиясының төрағасы қабылдау жылышын 30 шілдесіне дейін оқуға тұсу емтихандарын тапсыру кестесін қабылдау жылышын қоса алғанда 1 – 10 тамыз кезеңінде бекітеді.

72. Қабылдау комиссиясының жұмысы кезеңіне ҰҚУ-да апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляциялық комиссияның құрамы ҰҚУ бастығының бұйрығымен бекітіледі.

Апелляциялық комиссиялар оқуға тұсу емтихандарының нәтижелерімен келіспеген оқуға тұсушілердің өтініштерін қарау үшін құрылады.

Апелляцияға өтініш апелляциялық комиссияның төрағасы атына оқуға тұсу емтихандарының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күнтізбелік күні сағат 10.00-ге дейін беріледі және сол күнтізбелік күні қаралады.

Апелляциялық комиссия әр оқуға тұсушімен жеке жұмыс істейді. Оқуға тұсуші апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

Апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыс беруімен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде комиссия

төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы комиссия төрағасы және барлық мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

73. ҰҚУ-ға әртүрлі ведомстволар бойынша орындарды бөлуді ескере отырып, мамандығы бойынша бірінші нөмірден бастап қабылдау жоспары бойынша мамандыққа бөлінген орындар санына сәйкес келетін нөмірге дейін рейтингіде тұрган оқуға түсушілер қабылданады.

Қабылдау комиссиясының шешімі қабылдау жылының 12 тамызында сағат 10.00-ге дейін жарияланады.

Қабылдау комиссиясының оқуға қабылдау туралы шешімі негізінде ҚР ҚМ Кадрлар және әскери білім департаменті қабылдау жылының 15 тамызына дейін ҰҚУ-ға оқуға қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығын шығарады.

Тиісті деңгейдегі білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігіне
ведомстволық бағынысты әскери оқу
орындарына оқуға
қабылдау қағидаларына
1-косымша

Мектепке оқуға түсуші ұсынатын құжаттар тізбесі

1. Оқуға түсушінің тегін, атын және әкесінің атын (бар болған кезде), туған күнін, тұрғылықты жерінің мекенжайын, ата-анасының немесе заңды өкілдерінің байланыс деректерін көрсетумен еркін нысанда оқуға қабылдау туралы өтініш.

2. Туу туралы куәлігі (түпнұсқасы және көшірмесі).

3. Негізгі орта білімі туралы куәлік (түпнұсқасы және көшірмесі).

4. Көлемі 3x4 см 4 фотосурет.

5. Медициналық құжаттар және Әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидасының 33-тармағына сәйкес медициналық зерттеулер нәтижелері.

6. Білім беру мекемесінің директорынан мөрі бар ұсыным хат.

7. Спорттық разрядты, ағымдағы жылғы орындаушылардың республикалық не халықаралық жарыстардағы, конкурстардағы, жалпы білім беру пәндері бойынша халықаралық олимпиададағы, сондай-ақ ағымдағы жылғы жалпы білім беру пәндері бойынша Президенттік не республикалық олимпиададағы жүлделі орнын растайтын құжат (бар болған кезде).

8. Жетім балалар және олардың ата-анасы құқықтарының шектелуіне немесе одан айырылуына, ата-анасының хабар-ошарсыз кеткен деп танылуына, олардың қайтыс болды деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз (шектеулі әрекетке қабілетті) деп танылуына байланысты, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығының қалған өзге де жағдайларда жалғыз немесе ата-анасының екеуінің қамқорлығының қалған балалар

ата-анасының қамқорлығынсыз қалған фактісін растайтын мынадай құжаттардың бірінің көшірмесін (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасын) қосымша ұсынады:

ата-анасының қайтыс болуы туралы күәлік;

ата-анасын ата-ана құқықтарын шектеу немесе одан айыру туралы сот шешімі;

ата-анасын хабар-ошарсыз кеткен деп тану, оларды қайтыс болды деп жариялау немесе әрекетке қабілетсіз (шектеулі әрекетке қабілетті) деп тану туралы сот шешімі.

9. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссияларда есепте тұрмағаны туралы анықтама.

10. Әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан немесе мүгедектік алған, қызмет өткери уақытында хабар-ошарсыз кеткен әскери қызметшілердің балалары тұрғылықты жері бойынша жергілікті әскери басқару органынан анықтама ұсынады.

Тиісті деңгейдегі білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
Қазақстан Республикасының
Корғаныс министрлігіне
ведомстволық бағынысты әскери оку
орындарына окуга
қабылдау қағидаларына
2-қосымша

Кадет корпусына және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери институттарға оқуға түсін құжаттар тізбесі

1. Оқуға түсушінің тегін, атын және әкесінің атын (бар болған кезде), туған күнін, тұрғылықты жерінің мекенжайын, ата-анасының немесе олардың заңды өкілдерінің байланыс деректерін көрсетумен еркін нысанда оқуға қабылдау туралы өтініш немесе баянат.

2. Жеке күәлігінің көшірмесі (салыстыру үшін түпнұсқасы).

3. Әскери билет көшірмесі (тек әскери қызметшілер, оның ішінде запастағылар, түпнұсқасы).

4. Білімі туралы құжаттар (түпнұсқасы және көшірмесі).

5. Кемінде 50 балл, оның ішінде математикадан сауаттылығы немесе математикадан кемінде 7 балл, ал қалған пәндер бойынша – кемінде 4 балл тестілеу нәтижесі бар ҰБТ, ТКТ сертификаты (Кадет корпусына оқуға түсетіндерді қоспағанда).

6. Әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидасына сәйкес әскери оқу орнына оқуға түсетін азаматтың медициналық куәландыру картасы.

7. Сотталмағандығы туралы анықтама.

8. Спорттық разрядты, ағымдағы жылғы орындаушылардың республикалық не халықаралық жарыстардағы, конкурстардағы, жалпы білім беру пәндері бойынша халықаралық олимпиададағы, сондай-ақ ағымдағы жылғы жалпы білім беру пәндері

бойынша Президенттік не республикалық олимпиададағы жүлделі орнын растайтын құжат (бар болған кезде).

9. Көлемі 3x4 төрт фотосурет.

10. Жетім балалар және олардың ата-анасы құқықтарының шектелуіне немесе одан айрылуына, ата-анасының хабар-ошарсыз кеткен деп танылуына, олардың қайтыс болды деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз (шектеулі әрекетке қабілетті) деп танылуына байланысты, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған өзге де жағдайларда жалғыз немесе ата-анасының екеуінің қамқорлығынсыз қалған балалар ата-анасының қамқорлығынсыз қалған фактісін растайтын мынадай құжаттардың бірінің көшірмесін (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасын) косымша ұсынады:

ата-анасының қайтыс болуы туралы күелік;

ата-анасын ата-ана құқықтарын шектеу немесе одан айыру туралы сот шешімі;

ата-анасын хабар-ошарсыз кеткен деп тану, оларды қайтыс болды деп жариялау немесе әрекетке қабілетсіз (шектеулі әрекетке қабілетті) деп тану туралы) сот шешімі.

11. Эскери қызмет міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан немесе мүгедектік алған, қызмет өткери уақытында хабар-ошарсыз кеткен әскери қызметшілердің балалары тұрғылықты жері бойынша жергілікті әскери басқару органынан анықтама ұсынады.

Тиісті деңгейдегі білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігіне
ведомстволық бағынысты
әскери оқу орындарына оқуға
қабылдау қағидаларына
3-косымша

Кадет корпусы қабылдау комиссиясы шешімінде хаттамасы

Комиссия курамы:

Комиссия төрағасы:

Комиссия төрағасының орынбасары:

Комиссия мүшелері:

Комиссия хатшысы:

Кадет корпусына оқуға түсү үшін кандидаттарды қабылдау жөніндегі өз отырысында іріктеу кезеңдерінің нәтижелерін зерделеді және қарады және қаулы шығарды:

Жиыны:

қабылданды –
бас тартылды –
бас тартты –

Қабылдау комиссиясының төрағасы:

Қабылдау комиссиясы төрағасының орынбасары:

Қабылдау комиссиясының мүшелері:

Қабылдау комиссияның хатшысы:

Тиісті деңгейдегі білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігіне
ведомстволық бағынысты
әскери оқу орындарына оқуға
қабылдау қағидаларына
4-қосымша

ҰКУ-та оқуға түсу үшін құжаттар тізбесі

1. Қазақстан Республикасы азаматы жеке куәлігінің көшірмесі (салыстыру үшін түпнұсқасы).
2. Офицердің жеке куәлігінің көшірмесі (бар болған кезде) (салыстыру үшін түпнұсқасы).
3. Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидасына сәйкес ресімделген оқуға жарамдылығы туралы әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы бар медициналық күеландыру туралы анықтама.
4. Н-45 нысанындағы анықтама (әскери оқу орындарына оқуға түсушілер үшін анықтама "Қызмет бабында пайдалану үшін" шектеу белгісінсіз жасалады және келесі бетінде бөлім командирінің қолымен және елтаңбалы мөрмен расталады, құпия емес іс жүргізу бөлімінде тіркеледі және тіркеу журналына қол қою арқылы беріледі).

Тиісті деңгейдегі білім беру
бағдарламаларын іске
асыратын Қазақстан
Республикасының
Қорғаныс министрлігіне
ведомстволық бағынысты
әскери оқу орындарына оқуға
қабылдау қағидаларына
5-қосымша

ҰКУ-та оқуға түсу емтихандарына шығарылатын пәндер тізбесі

P/c №	Пәндер атауы	Откізу түрі
Магистратура жедел-тактикалық басқару деңгейі		

1.	Жалпыәскери пәндер (жалпы тактика, жалпыәскери жарғылар), шет тілі, жогары математика бойынша тестілеу	тестілеу
2.	Бейіні бойынша емтихан	ауызша-жазбаша

Магистратура стратегиялық және жедел-стратегиялық басқару деңгейі

1.	Қорғаныс және қауіпсіздік саласындағы басшылық құжаттарды, шет тілін білуге тестілеу	тестілеу
2.	Бейіні бойынша емтихан	ауызша-жазбаша

Докторантурा

1.	Қорғаныс және қауіпсіздік саласындағы басшылық құжаттарды білуге тестілеу	тестілеу
2.	Бейіні бойынша емтихан	ауызша-жазбаша

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК